

## Президенттің өкілі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1994 жылғы 15 тамыз N 1834.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.04.10. N 2189  
Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің Аймақтағы өкілі  
туралы ереже бекітілсін (қоса беріледі).

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Алматы, 1994 жылғы 15 тамыз  
N 1834

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1994 жылғы 15 тамыздағы  
N 1834 өкімімен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің  
Аймақтағы өкілі туралы  
Ереже

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасы Президентінің Аймақтағы өкілі (бұдан былай - Президенттің Өкілі) Президентке аймақтағы ахуал жайында ұдайы хабарлап отыруды қамтамасыз ететін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жергілікті атқарушы және өкілді органдармен байланысын және өзара іс-қимылын нығайта түсуге бағытталған шараларды жүзеге асыратын, арнаулы

өкілеттік берілген лауазымды тұлға болып табылады.

1.2. Президенттің Өкілін Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындап, қызметінен босатады, ол өз қызметінде Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беріп отырады.

1.3. Президенттің Өкілі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. Президент Өкілінің шешімдері мен іс-қимылы жөнінде Қазақстан Республикасының Президентіне белгіленген тәртіппен шағым жасауға болады.

## 2. Президент Өкілінің құзыры

### 2.1. Президенттің Өкілі:

- Қазақстан Республикасы Президентінің жергілікті атқарушы және өкілді органдармен ұйымдық және ақпараттық байланысын, олардың Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін (бұдан былай-актілер) орындау жөніндегі қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады;

- әкімшіліктер жүргізген ұйымдастыру жұмысының нәтижелерін қорытындылап, оны жетілдіре түсу жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізеді;

- аймақты дамытудың өзекті әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени проблемаларына талдау жасап, мемлекеттің аймақтағы жалпы саясатының стратегиясы жөніндегі ұсыныстарды, ұсынымдар мен болжамдық-талдау материалдарын әзірлейді;

- экономиканы көтеру үшін жағдайлар мен ынталандыруды жасаудың, нарықтық қатынастарды және кәсіпкерлікті дамытудың, жекешелендіруді жүргізу мен халықтың табысы аз жіктеріне қолдау жасаудың, өндірісті ұлғайту және адамдардың өмірін жақсарту үшін аймақтық мүмкіндіктерді пайдаланудың жергілікті тәжірибесін зерделеп, Президентке баяндап отырады;

- Қазақстан Республикасының Президенті жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясат жөніндегі шараларды әзірлеуге және қабылданған шараларды жүзеге асыруға қатысады;

- жергілікті атқарушы және өкілді органдарға аймақты басқарудың пәрменді жүйесін қалыптастыру жөнінде негізді ұсыныстар енгізеді;

- әкімдер мен республика министрліктері, ведомстволары қызметінің жекелеген мәселелері жөнінде үйлестіруге жәрдем жасайды;

- әкімдермен бірлесе отырып Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің мәжілісіне шұғыл шешімді талап ететін мәселелерді енгізеді;

- қажетті жағдайларда Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің актілерін әзірлеу және қабылдау, қолданылып жүрген актілерінің күшін жою немесе өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- республика ішіндегі облысаралық, сондай-ақ Қазақстанның шекаралық және басқа облыстарының Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан облыстарымен ынтымақтастығын ұйымдастырады, және нығайтып отырады;
- жалпыреспубликалық әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларының жүзеге асырылу барысына бақылау жасайды;
- қоғамдық-саяси және экономикалық ахуалдың динамикасына бақылау жасап отырады;
- аймақтық және аймақаралық саяси партиялармен, қозғалыстармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты жүзеге асырады;
- Қазақстан Республикасы Президентінің Аппаратына аймақтардан келіп түскен азаматтардың жекелеген хаттары мен өтініштерін қарап, жергілікті жерлерде азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады.

## 2.2. Президенттің Өкілі аталған функцияларды жүзеге асыру мақсатында:

- өкілді органдардың сессияларына, мемлекеттік басқару органдары өткізетін мәжілістер мен кеңестерге қатысуға;
- министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, ведомстволардан, концерндерден, салалық және аймақтық басқару органдарынан құжаттар мен анықтамаларды сұратып алуға, қажет болған жағдайда олардың басшылары мен лауазымды тұлғаларынан жазбаша түсініктемелерді талап етуге;
- қажет болған жағдайда республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының, аймақтық басқару органдарының қызметкерлерін Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына арналған мәселелерді әзірлеуге қатысу үшін тартуға;
- жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет пен басқару органдарының басшы қызметкерлерін тағайындау жөнінде, Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің тиісті түрде орындалмауына кінәлі аймақтық басқару органдарының лауазымды тұлғаларын жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуге;
- Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Бас бақылау инспекциясына, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті іс басқармасының Аумақтық даму және парламентпен өзара іс-қимыл бөліміне жергілікті жерлердегі жағдайды зерделеу жөніндегі бірлескен жұмыстың мәселелері жөнінде жүгінуге, бақылауындағы аймақтық басқару органдары мен лауазымды тұлғалардың қызметіне байланысты құжаттарды алуға;
- аймақта республиканың мемлекеттік тұтастығына қатер төндіретін төтенше жағдайлар туындаған кезде Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің талқылауына мәселелер енгізуге;

- аймақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, прокуратура және сот органдарымен байланысты жүзеге асыруға құқылы.

### 3. Есеп беру нысандары

3.1. Президенттің Өкілі Президентке тоқсан сайын аймақтардағы ахуал жайында, нақты тұжырымдары мен ұсыныстарын қоса жүргізген жұмысы туралы есепті, сондай-ақ аймақтардағы ағымдағы жағдай туралы ауызша және жазбаша ақпаратты табыс етіп отырады.

### 4. Президент Өкілінің қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету

4.1. Президент Өкілінің қызметін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Президентінің Аппаратына және тиісті облыстық әкімнің аппаратына жүктеледі.

4.2. Президенттің Өкілдері Президент тағайындаған, Президент Аппараты Басшысының орынбасары басқаратын Президент Өкілдері Тобына ұйымдасады.

4.3. Президент Аппараты Басшысының орынбасары:

- жалпымемлекеттік міндеттерді жүзеге асыру мәселелерінде және Президент актілерінің орындалуына бақылау жасауды ұйымдастыруда, оларды жүзеге асырудың нысандары мен әдістерін таңдауда жеке бастамашылығын шектемей, Президент Өкілдерінің қызметін үйлестіреді;

- Топтың қызметін жоспарлайды;

- Президент Аппараты басшысымен бірлесе отырып Президент Өкілдерін қызметке тағайындау және қызметтен босату, сондай-ақ оларға аймақтарды бекітіп беру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

- Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты мен Министрлер Кабинеті Іс Басқармасы құрылымдық бөлімшелерінің, министрліктерінің және ведомстволарының басшыларымен өзара іс-қимыл жүргізеді;

- азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады.